**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы: «Алтын бесік» бөбекжайы**

**Топ: Кіші «Сәби» тобы**
**Балалардың жасы: 2 жастағы**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 10.04-14.04.2023ж**
**Тәрбиешілер: Букенесова.К.К., Калиева.У.**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 10.04 | Сейсенбі 11.04 | Сәрсенбі 12.04 | Бейсенбі 13.04 | Жұма 14.04 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу. Балалар үшін жайлы ойын жағдайын жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Сәлеметсіз бе! сөзін сөздік қорына қосу. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап берудағдысын қалыптастыру. **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту**). Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету Балалардың ауа райына байланысты жылы киіну жағдайларын талқылау | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **№ 14 Д/О**. «Не жоқ?» **Мақсаты:** Балаларға киіз үйдің бөлшектерін атап, естерінде сақтауға үйрету. (**Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту-**2) | **№ 1 Д/О:**. «Қайсысы қайда тіршілік етеді?» **Мақсаты**: суреттен көрген заттарының аттарын тап, олардың қайда өмір сүретінің айтқызу. Сөздік қорын молайту. (**Коммуникативтік дағдыларды дамыту-2**) | **№ 16 Д/О: «Жеміс жидектерді ата»** **Мақсаты:** Балаларды жұмбақ шешуге, суретте көрсетілгенді сөзбен айтып жеткізуге үйрету (**Шығармашылық дағдыларын дамыту-2**) | **№ 17 Д/О:** «Мекеніне апар» **Мақсаты:**Үй жануарларын дала жануарларыннан ажырата білуге үйрету. **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асыру-2)** | **№ 16 Қ/О**: Ақ қоян. **Мақсаты**: Балаларды ептілікке, жылдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу **(Физикалық дағдыларын дамыту-2)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығуларды жасату (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғы ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, бетімен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. **(мәдени гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету).** Өз орнын тауып отыру. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын. Көңілді музыканы видео арқылы тамашалап, қимылдарын бірге жасату. Сөздерін қайталау. Балалар қандай ойындар ойнағысы келетінін айтуын қалыптастыру. *«Орманда»* тақырыбында жеке әңгімелерді айтып беру. Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдауын және т. б. (**Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **№17 Д/О**. «Төлдерін тауып бер» **Мақсаты:** Үй жануарлары жайлы білімдерін тиянақтау, төлдерін ажыратуға үйрету. (**Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту-2)** | **№18 Д/О**. «Кім тапқыр?» **Мақсаты:** сөздік қорын толықтыра отыра, | **№ 19 Д/О**. «Дауысынан таны» **Мақсаты:** Тыңдау, есті қабілеттерің одан ары қарай жетілдіру. | **№ 20 Д/О**. Шатаспақ **Мақсаты:** Сурет бойынша жануарлардың | **№ 1 Д/О**. Дұрыс, дұрыс емес» **Мақсаты:** Құстарға деген қамқорлық сезімдерін ояту, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **№ 3 Д/О:** «Қарап алда есіңе сақта»<br>**Мақсаты**: балаларды көрген суреттерді есіне сақтап, көз алдына елестете отырып, әрқайсысын ретімен атап шығуға, үй жануарларын, аңдарды және құстардың жалпы аттарын айтқызу.<br>(**Коммуникативтік дағдыларды дамыту-2**)<br><br>**№18 Д/О: «Қыс қызығы»**<br>**Мақсаты:** Қыс туралы білімдерін бекіту. Сөйлем құра білуге үйрету, сөздік қорларын молайту<br>(**Шығармашылық дағдыларын дамыту-2**)<br><br>**№ 1 Д/О:** "Сиқырлы суреттер"<br>**Мақсаты**: Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту. (**Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асыру-2**)<br><br>**№ 18 Қ/О**: Менің зымыраған көңілді добым.<br>**Шарты**: Ойнаушы балалар тобы (5-6 адам) жартылай дөңгелек құрып, тәрбиешінің жанында тұрады.<br>(**Физикалық дағдыларын дамыту-2**)<br><br>МУЗЫКА<br>**Музыка тыңдау:** Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын ажырата | шапшандылыққа баулу.<br>(**Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту-2**)<br><br>**№ 4 Д/О:** «Нан қалай жасалады?»<br>**Мақсаты**: балаларға нанның жасалу жолын түсіндіру.<br>(**Коммуникативтік дағдыларды дамыту-2**)<br><br>**№19 Д/О:** «Балапанға ұя жасайық»<br>**Мақсаты:** Балаларға пішіндерден ұя жасай білуге үйрету<br>(**Шығармашылық дағдыларын дамыту-2**)<br><br>**№ 2 Д/О:** «Бақта ма, бақшада ма?»<br>**Мақсаты**: Жемістер мен көкөністер туралы мағлұмат беру. Олардың айырмашылықтарын түсіндіру<br>(**Әлеуметтік** | (**Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту-2**)<br><br>**№ 6 Д/О:** «Үй жануарлары»<br>**Мақсаты**: балаларды үй жануарлары мен төлдерді ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын айтқызып, оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.<br>(**Коммуникативтік дағдыларды дамыту-2**)<br><br>**№ 20 Д/О:** Кемпірқосақ<br>**Мақсаты:** Түстерді сезіне білуін дамыту. Бейнені түсіне қарай таңдау іскерлігін дамыту<br>(**Шығармашылық дағдыларын дамыту-2**)<br><br>**№ 3 Д/О:** «Бұлар нелер? Бір сөзбен ата»<br>**Мақсаты**: Әрбір карточкада бейнеленген суреттерді, ортақ сөзбен атауға үйрету.<br>(**Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асыру-2**)<br><br>**№ 19 Қ/О**: Жел көбік.<br>**Шарты**: Балалар бір- | басын орналастыру ,ойлау қабілеттерің дамыту.<br>(**Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту-2**)<br><br>**№ 9 Д/О:** «Біздің көңіл - күйіміз»<br>**Мақсаты**: балаларды суреттегі бет-әлпет бойынша ым мен мимикаға байланысты көңіл күйді ажырата білуге үйрету.<br>(**Коммуникативтік дағдыларды дамыту-2**)<br><br>**№1 Д/О:** «Ою құрастыру»<br>**Мақсаты**: Балаларды сандардың ретін, құрамын оңай табуға, таңбаны айыра білуге дағдыландыру.<br>(**Шығармашылық дағдыларын дамыту-2**)<br><br>**№4 Д/О:** «Ажырат» | оларды күтіп баптауға тәрбиелеу.<br>(**Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту-2**)<br><br>**№ 10Д/О:** «Не артық?»<br>**Мақсаты**: балаларды суретке, оларды топтастыруға үйрету.<br>(**Коммуникативтік дағдыларды дамыту-2**)<br><br>**№ 2Д/О:** Қай аспап жоқ?"<br>**Мақсаты**: Балалардың зейіннің дамыту. Есте сақтау қабілетін дамыту<br>(**Шығармашылық дағдыларын дамыту-2**)<br><br>**№5 Д/О:** «Кімге не керек?»<br>**Мақсаты**: Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету<br>(**Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асыру-2**) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білу (баяу және көңілді әндер).<br>**Ән айту:** Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:**<br>Қимылдарды заттармен: бубенмен, сылдырмақпен және т.б. орындау. | **эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асыру-2)** | бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады.<br>**(Физикалық дағдыларын дамыту-2)** | **Мақсаты**: Жыл мезгілдері бойынша киімдерді ажырата білуді үйренеді.<br>**(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асыру-2)** | **№20 Қ/О**: Ұйқыдағы аю.<br>**Шарты**: Бұл ойынға топ балалары 2-ге бөлініп қатысады.<br>**(Физикалық дағдыларын дамыту-2)** |
| **2-таңғы ас** | Дәрумендердің пайдасы туралы айту және балалардан қандай жеміс немесе көкөніс жақсы көретінін сұрау. (**коммуникациялық дағдыларды , мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Ересектердің басқаруымен киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру. Күн тәртібіне сәйкес таза ауада болуын қамтамасыз ету. (**коммуникациялық дағдыларды, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Картотека №2 | Картотека №3 | Картотека №4 | Картотека №5 | Картотека №6 |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюын үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау:<br>- қолды дұрыс жуу; өз орамалының орнын білу; қолды дұрыс сүрту; орамалды ілу.<br>- көркем сөз қолдану: Нан қоқымын шашпаймыз,<br>Жерде жатса баспаймыз.<br>Теріп алып, қастерлеп,<br>Торғайларға тастаймыз.<br>**(коммуникациялық дағдыларды , мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Ұйықтар алдында киімдерін орындыққа ұқыпты бүктеп қою. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Жағымды музыкамен сүйемелденетін ертегілер тыңдату. **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Жеке заттарды қолдану (қолорамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі ол қылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесін ас** | Ас ішерде күнде біз.<br>Сөйлемейміз күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз, білмейміз **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Шармен көңілді би ұйымдастыру, ән айтқызу. **(музыка)** | Ермексазды дұрыс қолдануды жетілдіру**.** Бауырсақ мүсінін жасату. **(мүсіндеу)** | Кітаптарды қарап, суреттерде таныған бейнесін атату. **(көркем әдебиет)** | Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды үйрету. **(сенсорика)** | Қаламмен бауырсақ салуды үйрету. **(Сурет салу)** |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ретсіздікті байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлауды үйрету. (**коммуникациялық дағдыларды дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | **№ 15 Д/О**. «Кеңістік» **Мақсаты:** Балаларды кеңістікті бағдарлауға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, зейін процесстерін дамыту. (**Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту-**2) | **№ 2 Д/О:**. "Бұл қай мезгіл?" **Мақсаты**: күз мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін ажыратып айтқызу. Сөздік қорын байыту.(**Коммуникативтік дағдыларды дамыту-2**) | **№17 Д/О: «Мен білемін» Мақсаты:** Табиғат туралы білімін жетілдіру, қызығушылығын арттыру (**Шығармашылық дағдыларын дамыту-2**) | **№18 Д/О:** «Бұл қандай құс?» **Мақсаты:** Белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге үйрету және оларды ажырата білу. (**Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асыру-2**) | **№ 17 Қ/О**: Тауық күрес. **Шарты**: Балалар екі топқа бөлінеді.Осы екі топтан екі бала шығып ,кәдімгідей күреседі (**Физикалық дағдыларын дамыту-2**) |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаға қойылатын сұрақтар туралы кеңес беру.<br>Балалардың күн соңындағы көңіл күйін талқылау | | | | |

Тексерген әдіскер: Байгазина А.М.